

**МӘРТӨК АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ**  
**«НҮР-АЙ БӨБЕК» ЖШС БАЛАБАҚШАСЫ**



**Мәртек аудандық білім бөлімінің  
бүйрығы**

**«28» маин 2020ж**

**No 275 т1**

**БАҒДАРЛАМА**  
**«Денсаулық – зор байлық»**

Сарыжар- 2020 жыл

«Нұр-Ай бебек» балабақшасының педагогикалық кеңесі  
отырысында «Денсаулық-зор байлық» авторлық бағдарламасы талқыланып  
пайдалануға ұсынылды.

Хаттама № 1

28 тамыз 2020ж

«Нұр-Ай бебек» балабақшасының  
менгерушісі



Нуртазина Ж.А

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Денсаулық-зор байлық»  
авторлық бағдарламасы мақұлданды.



Сараптама кеңесі төрайымы  
  
Хаттама № 3  
(қолы)

« 2 » 28.07.2020ж

Балшагашбетова Ст  
(аты-жөні)

## **«Денсаулық – зор байлық» бағдарламасына**

### **ПІКІР**

Мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезең екенін білеміз. Яғни осы жас шамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелерімен дene мүшелерінің және жүйкелік-психикалық дамуы қалыптаса түскен кезі. Ал иммуналдық жүйелері толыққанды жетілмесе, онда бала ағзасының қорғаныс күші және ауруға қарсылықты көрсете алуы әлі де жеткіліксіз болып келеді. Және де ауруға бала аз кимыл әрекеттенгендейтін жиі ұшырайды.

Сондықтан да МДҰ -да осы денсаулық сактау іс-шаралары міндettі түрде кешенді және жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Сонда ғана жаңа өсіп келе жаткан өскелен ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады.

Дені сау бала сырқаттануға бой бермей, психикалық дамуы да қалыпты болып келеді. Бала ерте жастан бастап көп қимылдайды. Дене жаттығулары тірек-қимыл аппаратын нығайтып, қаңқаның, жалпы дene бітімінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Дене жаттығуларыен айналысу тек сауықтыру ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік маңызы да бар. Балалардың бойында зейін мен бақылағыштық, ерік сапалары дамиды, мінезі қалыптасады.

«Денсаулық – зор байлық» бағдарламасы тәрбиеленушілердің денсаулық сактау құзыреттілігін қалыптастыруға, салауатты өмір салтының қарапайым ережесін ұғынуға, балалар ағзасының, қимыл дағдыларының мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған.

Қызықты ойын жаттығуларды қолдану, денсаулық сактау технологияларын тиімді қолдану барысында балалардың денсаулықтары нығайып, ой-өрістері дамитыны анық. Бұлшық ет күштері жақсарып, икемділік, төзімділік қабілеттері дамиды және дene бітімдері түзеліп, сымбаттылықта тәрбиеленеді,

Бағдарлама 4-5 жасар балаларға, ортаңғы тобына арналған. Жалпы сағат саны 36, аптасына бір рет өткізілуге жоспарланған.

Барлық тақырыптар мен тапсырмалар бағдарламалық талаптарға сай және осы жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріле отырып жасалған, сондықтан ұйымдастырылған оқу қызмет әрекеттері қызықты да тиімді өтеді деп есептеймін.

**Пікір беруші:**



**Мәртөк ауданы білім бөлімінің  
МДҰ әдіскеіри М.А.Шауменова**

## **«Денсаулық – зор байлық» бағдарламасына**

### **Түсінік хат**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білімі мен әл-ауқатын жақсарту» атты жолдауында: «Бұл мақсатты іске асырудағы біздің стратегиямыз-ауруды болдырмау және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ол үшін салауатты өмір салтымен дұрыс тамақтануды, тазалық пен санитария ережелерін насихаттайтын пәрменді ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі қажет» - деп атап көрсетілген.

Казіргі кезеңде мектепке дейінгі бұлдіршіндер арасындағы жалпак табандылық пен омыртқаның қисауы сиякты түрлі аурулар кең тараған. Сондыктan да мектепке дейінгі мекемелердің ең басты мақсаты оку-тәрбие беру процесінде балалардың денсаулығын нығайту болып табылады. Балаларды түрлі аурулардың алдын алуда күн бойғы әрекетінде денесін шынықтыру және сауықтыру шаралары кіріктіре жүзеге асырылу қажет.

**Бағдарламаның мазмұны:** бағдарлама балабақшаның ересектер тобында «Денсаулық» білім беру саласында үйымдастырылған оқу іс әрекетін жүргізуге арналған. Балалардың денсаулығын нығайту, күнделікті оқу іс-әрекеттерін менгертуде белсенді әрекеттерге баулу көзделеді.

**Мақсаты:** Баладардың денсаулығын сактау және нығайту. Олардың күн тәртібіне, қимыл белсенділігіне, санитарлық-гигиеналық талаптарға деген он көзқарастарын қалыптастыру, жағымсыз әдеттерден аулақ болуға дағдыландыру.

#### **Міндеттері:**

1. Денсаулықты нығайту: дұрыс дene бітімін қалыптастыру, жалпак табандылықтың алдын алу.
2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың психомоторлық қабілеттерін жетілдіру: бұлшық ет күшін, иілгіштігін, төзімділігін, ептілігін дамыту.
3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, бала санасының сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету және рухын шындау көзделген.

**Күтілетін нәтиже:** Дені сау, шынықкан, ширықкан, рухы биік үрпак қалыптастыру.

**Білу керек:** Жеке бас гигиенасын қатаң сактау, таза ауада демалу, жағымсыз әдеттерден сақтану және дәрумендік астарды көбірек пайдалану.

**Игеру керек:** Өз дene мүшелерін таза ұстау, әжетханага барған сайын қолын сабынмен жуу, жатар алдында жуынып, тіс тазалауды әдетке айналдыру.

**Қолдана білу:** Балаларды өз денсаулығына жауапкершілікпен көніл бөлуге, гигиеналық талаптарды орындауга, жағымсыз әдеттерден аулақ болуға дағдыландыру. Үйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы: жас шамасына сәйкес стандарт негізінде сақталып жүргізіледі. Ересектер тобында аптасына бір рет (5-6 жас) 25-30 минуттан өткізіледі. Жалпы сағат саны 36.

**Бағдарламаны қолдану мерзімі:** 1 жыл

## Тақырыптық жоспар

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сағат саны</b>
1	"Денсаулық –зор байлық"	Балаларға «Денсаулық –зор байлық» сөздерінің мағынасын жеткізу, денсаулықты сактауға және нығайтуға байланысты ережелермен таныстыру. Адам денесінің құрылышымен таныстыру. Геометриялық денелерден адамның дene мүшелерін жинастыру. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.	1
2	"Денсаулықты нығайтудың жолдары"	Балаларды күн тәртібін сактауға, кимыл белсенділігіне, ертеңгілік жаттығу жасауды әдетке айналдыруға тәрбиелеу. Осы әрекеттердің денсаулықты сактауға және нығайтуға бірден бір кепіл екендігін үғындыру.	1
3	"Адам денсаулығына кері әсер ететін себептер"	Адам ағзасының қалыпты болуына кері әсер ететін факторлар: күн тәртібін бұзу, жеке бас гигиенасын сақтамау, жағымсыз әдеттерге бой алдыру, уакытында ұйықтамау екендігін түсіндіру. Тазалыққа баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
4	"Ауру туралы түсінік"	Адам ағзасының әлсіреуі, асқа тәбеті болмау, дene қызыуының көтерілуі, көніл-куйдің нашарлауы, ұйқының бұзылуы аурудың белгілері болып табылатындығын түсіндіру. "Ауырып ем іздеңенше, ауырмаудың жолын ізде" деген қағиданы үғындыруға әрекеттену. Өзінің ағзасы денсаулығына құндылықпен қарауға тәрбиелеу.	1
5	"Көзге арналған жаттығулар"	Коршаған ортаны көру қабілеті адамның бағалы сезімдерінің бірі. Адам өміріндегі жаңалықтардың көпшілігі көздің көмегімен қабылданады. Көзді шан-тозаңнан, тер тамшысынан қас, кірпік қорғап тұратынын айтып түсіндіру. Көзге арналған жаттығуларды жасауды үйрету. Өзінің ағзасы денсаулығына құндылықпен қарауға тәрбиелеу.	1
6	"Біз қалай естіміз?"	Адамның сөзін, кез келген дыбысты, әуенде құлақ арқылы естітіндігімізді және есту жүйесі қалай жұмыс істейтіндігін түсіндіру. Құлақты күн сайын тазалап тұруға, салқын кездерде бас киімсіз журмеуге тәрбиелеу.	1

6	"Біз қалай естіміз?"	Адамның сөзін, кез келген дыбысты, әуенде құлак арқылы естітіндігімізді және есту жүйесі қалай жұмыс істейтіндігін түсіндіру. Құлакты құн сайын тазалап түруға, салқын кездерде бас киімсіз жүрмеуге тәрбиелеу.	1
7	"Нұктелі массаж"	Балаларға адам алақанында көптеген белсенде нұктелердің бар екендігін түсіндіру, ол арқылы адам ағзасының жұмысына да әсер етуге болатынын жеткізу. Нұктелі массаж жасауға үйрету. Өзінің ағзасы денсаулығына құндылықпен карауға тәрбиелеу.	1
8	"Йіс сезу мүшесі - мұрын"	Балаларды жағымды, жағымсыз істі ажырата білуге үйрету. Мұрын арқылы дұрыс тыныстауға, мұрынды күтүге баулу. Дұрыс тыныс алуға байланысты жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуларын жасауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.	1
9	"Микробтар шабуылы" ертегі	Балаларға гигиеналық талаптарды орындаудың маңыздылығын түсіндіру. Микробтардың қалай тараитынын, онымен қалай күресу керектігін ертегі арқылы жеткізу.	1
10	"Жеке бас гигиенасы"	Балалардың дене мүшелерін таза ұстау арқылы жеке басының күтіміне ерекше көніл бөлуіне бейімдеу. Осы бағытта бірнеше кенес беру. Тазалыққа тәрбиелеу.	1
11	"Денсаулық жолақшаларымен жүреміз"	Балаларға адамның табанында да белсенде нұктелер бар екендігін түсіндіру. Олардың ағза мүшелерімен байланысын көрнекіліктер арқылы жеткізу. «Денсаулық жолақшаларымен» жүргенде қандай маңызы бар екендігі туралы түсінік беру, денсаулықтарын нығайтуға баулу. Денсаулықты сактауға байланысты кеңестер беру. Сұлулыққа, сымбатты болуга тәрбиелеу, өзі-өзіне қызмет көрсету дағдыларын менгеру.	1
12	"Бармақ болып жұмысқа, қырға шықты құмырска..»	Балаларға ағзаны шынықтырудың бір түрі массаж туралы түсінік беру. Құмырска туралы өлең сөздерін жаттап, бір бірінің аркасына ойын массажын жасауға үйрету. Достық қарым катынасқа баулу.	1

13	"Дұрыс тамақтану"	Дұрыс тамактану, тағамның денеге сінімді болуы, әртүрлі дәрумендік тағамдарды орынымен пайдалану адамның қалыпты өсуіне, дені сау болуына әсер ететіндігін түсіндіру. Мысалдар келтіру.	1
14	"Тамақтану мәдениеті және ережесі"	Балаларга пайдалы және пайдасыз тамақтарды ажыратып айту арқылы тамақтану мәдениеті жайлы мәліметтер беру. Тамактың ағзада дұрыс қорытылуы үшін сақталатын ережелермен таныстыру.Мәдени гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.	1
15	"Жұқпалы аурулар"	Балаларға микробтар жайлы түсінік беру. Микробтардан сактанбаса, әртүрлі ауруларға шалдығу қаупі туатындығы жайлы мәліметтер беру.Жұқпалы аурулардан корғануға баулу.	1
16	"Жарақаттанудан сақтану"	Балалардың әртүрлі дene жарақаттары жайлы түсініктерін қалыптастыру. Оларды денесін жарақаттап алмау үшін қауіпсіздік шараларын сактауға үйрету.	1
17	"Жағымсыз әдеттерден аулак болайық"	Жасөспірімдерді темекі, ішімдік сияқты адам өміріне зиянды әдеттерден аулак болуға үйрету. Бұл әдеттер ағзаны әлсіретіп, денсаулықты нашарлатып, өмір сұру қабілетінен айыруға дейін әсер ететіндігі жайлы түсінікті тілмен әңгімеледеу.	1
18	"Отбасы мүшелерінің міндеттері"	Балаларды отбасы мүшелерімен мейірімді, тату қарым-қатынаста болуға баулу. Ата-ананы құрметтеуге, айтқаның орындауға, тілалғыштықта үйрету.Отбасындағы үйлесімді қарым-қатынастың көніл-күйге жағымды әсері жайлы немесе реніш туындаса, жағымсыз ойлар мазалайтыны жайлы айту және одан аулак болуға үйрету.	1
19	"Жағымды, жағымсыз көніл-күйлер"	Балаларды көніл-күйлерін басқара білуге, сабырлы болуға, айналадағы адамдардың пікірлерімен санаса білуге баулу. Отбасындағы үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға, өзгелерге қуаныш сыйлауға үйрету.	1
20	"Жауапкершілік"	Балаларды өз өмірлеріне жауапкершілікпен қарауға бағыттау. Берілген тапсырманы орындауға,коршаған ортасында әділ,шыншыл,жанашыр болуға баулу.Әңгімелер құрастыру.	1

21	"Дәрумендік астар"	Адам ағзасының дәрумендік тағамға мұқтаждығы жайлы түсінік беру. Оның адам өмірінің ұзак, денсаулығының қалыпты болуына әсері жайлы мәліметтер беру.	1
22	"Ағзаны сауықтыру"	Балалардың тыныс алу мәдениеті жайлы түсінігін тереңдету. Жаяу жүру, спортпен шұғылдану ағзаны сауықтыратын факторлар екендігін түсіндіру.	1
23	"Күн тәртібін сактайық"	Балаларды жас ерекшеліктеріне байланысты бекітілген күн тәртібімен таныстыра отырып, оны құнделікті сактал отыру - салауаттылық ережесі екендігіне көздерін жеткізе әңгімелу. Мысалдар келтіру.	1
24	"Адамгершілік құндылықтар"	Балаларды рухани байлық жайлы қарапайым мәліметтермен таныстыру. Айналасындағы үлкен-кішімен адамгершілік қатынастар орнатуға баулу. Қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық қасиеттер жайлы түсініктерін дамыту. Мәдени гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.	1
25	"Жанұя дәстүрі"	Әр жанұядың қалыптасқан дәстүрді сактай білуге дағдыландыру. Жанұя мүшелерімен тіл табысуға, ренжіспеуге, тілалғыш қасиеттерге баулу.	
26	"Ер балалар мен қыз балалар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті"	Балалардың жыныс ерекшеліктері жайлы түсінік беру. Ер балалар батыл, қайратты болып өсуі керектігін және қыз балалар нәзік, ұян болғандықтан оларға камқорлық жасау ер балалардың міндеті екендігін түсіндіру. Үйлесімді қарым-қатынаска тәрбиелеу.	1
27	"Кикілжің және денсаулық"	Балалардың өсуі мен қалыпты дамуы үшін ұстамдылық, тұрактылық, ерік күші және көңіл-күйді басқару дағдысын қалыптастыру қажет. Өз ортасында кикілжің тудырмауға үйрету, достық, сыйластық қатынастарға баулу.	1
28	"Экология және денсаулық"	Балалардың табиғатка деген сүйіспеншілігін ояту. Табиғат байлықтарын бағалай білуге тәрбиелеу. Өсімдіктер, жануарлар және адамдар арасындағы қатынастың мәңгілігін көздерін жеткізе әңгімелу.	1
29	"Қозғалыс дегеніміз - өмір"	Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру. Жаяу жүру, көп қабатты үйлерде қабаттарға жаяу көтерілу, әртүрлі спортпен айналысадың маңыздылығын айтып түсіндіру. Мысалдар келтіру.	1

30	"Сымбаттылық"	Баланың дене бітімі сымбатты болуы, омыртқа жотасының қалыпты дамуына байланысты екендігін ескеріп, орындықта түзу отыруға, кеудені тік ұсташаға үйрету. Арнайы жаттығулар кешенімен таныстыру. Сұлулыққа, сымбатты болуға тәрбиелеу,	1
31	"Денің сау болсын десен җүгір, әдемі болғың келсе, җүгір, ақылды болғың келсе җүгір.	Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру, бос уақыттарында жүгірумен айналысуға баулу. Жаттығулар кешенімен таныстыру. Мәдени гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.	1
32	"Денсаулық - зор байлық"	Балалардың денсаулықтарын сактау үшін, гигиеналық талаптарды орындаудың қадағалау. Құн тәртібін сактап, уақытымен ойнап, тамақтанып, ұйықтау керектігін түсіндіру.	1
33	"Тазалық - денсаулық кепілі"	Балалардың күнделікті тіс тазарту, тамақтанар алдында қол жуу дағдысын қалыптастыру. Дене мүшелерін таза ұсташаға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.	1
34	"Таза ауа - жанға дауа"	Табиғаттың адамзатқа тартқан сыйлықтарының бірі таза ауамен тыныстау мүмкіндігі. Таза ауаның адам ағзасының қалыпты қызмет етуіне әсері жайлы тартымды әңгімелеу.	1
35	"Су - тіршілік көзі"	Балалардың судың адам өміріндегі маңызы жайлы түсінігін тереңдету. Сумен шөлімізді басатындығымыз және жуынуга пайдаланатындығымыз жайлы әңгімелеу. Сусыз тіршілік жоқ екендігіне дәлелдер келтіру. Табиғатқа қамқоршы болуға тәрбиелеу.	1
36	"Жаттығулар кешені"	Балалардың денсаулығын нығайту, күнделікті оқу іс-әрекеттерін менгертуде белсенді әрекеттерге баулу. Жаттығулар кешенінің жас ерекшелігіне сай таңдалуына көніл бөлу. Мәдени гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.	1

**Барлығы - 36 сағат**

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды сауықтыру және шынықтыру» әдістемелік құралы. «Мектепке дейінгі балалық шак» республикалық орталығы. Астана, 2012 ж.
2. Әділханов Ә.С. Жаңабердиев К.А. «Салауаттану денсаулық сақтау». «Алматықітап» ААҚ 2009ж.
3. «Бала мен балабақша» журналы №7,2011ж
4. Богина Т.Л. Охрана здоровья детей в дошкольных учреждениях. Москва Мозаика-Синтез, 2006.
5. Воротилкина И.М. Физкультурно-оздоровительная работа в дошкольном образовательном учреждении. Москва, НЦ ЭНАС, 2004.
6. Доскин В.А., Голубева Л.Г. Растем здоровыми. Москва, Просвещение, 2003.
7. Егоров Б.Б., Нестерюк Т.В. Оздоровительно-воспитательная работа с ослабленными детьми в ДОУ. Элиста: АПП «Джангар», 1999.
8. Жұнісова К.,Аймағанбетова Қ., Олейник.З.Ф. «Дүниетануды оқыту әдістемесі» «Атамұра» 2009ж.
9. Жанжігітова Ф. «Дені сау ұрпақ – егеменді еліміздің ұрпағы». 1996 ж
10. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білімі мен әл-әуқатын жақсарту» атты жолдауы.
11. Кузнецова М.Н. Система комплексных мероприятий по оздоровлению детей в дошкольных образовательных учреждениях. Москва, АРКТИ, 2002ж.
12. «Отбасы және балабақша» журналы №2,2010
13. Телеуғалиев Ю. Үргактық гимнастика Алматы 2006ж